

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы" 2016 жылғы 21 қазандағы № 595 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының міндетін атқарушының бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 29 қарашадағы № 686 бұйрығы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қазандағы № 595 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының міндетін атқарушының бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Кинологиялық орталығы туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Кинологиялық орталығы (бұдан әрі - Кинологиялық орталық) маман-кинологтарды даярлау, мемлекеттік кірістер органдары, Қазақстан Республикасының арнайы және құқық қорғау органдары үшін асыл тұқымды және түрлі тұқымдағы қызметтік иттерді өсіру және бағып жетілдіру, арнайы жаттықтыру жөніндегі арнайы білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі функцияларды орындауға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) мамандандырылған кеден мекемесі болып табылады.»;

14-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) контрабандаға және есірткі мен психотроптық құралдардың, олардың аналогтарының, жарылғыш заттардың, прекурсорлардың, қару-жарақтың, валютаны, жойылып кету қаупі бар жабайы флора мен фаунаның объектілерін заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды және құқық бұзушылықтарды және өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ашуға аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына, мамандандырылған және құқық қорғау органдарына көмек көрсету;»;

15-тармақтың 4), 5), 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) иттерді есірткі мен психотроптық құралдарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, валютаны, жойылып кету қаупі бар жабайы флора мен фаунаның объектілерін және өзге де объектілерді іздеуге үйрету;

5) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері (бұдан әрі - ТМД) және алыс шетелдердің жетекші кинологиялық орталықтардың озық тәжірибелерін зерделеу,

қорытындылау, тарату және практикалық жұмысқа енгізу, ведомстваралық және халықаралық курстарды өткізу;»;

9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) мемлекеттік кірістер органдарын қызметтік иттермен, ветеринариялық және медициналық препараттармен, азықпен, арнайы құралдармен, әдістемелік әдебиеттермен, арнайы көлікпен және техникамен, оқу деректемелерімен (ұқсатқыштармен), сондай-ақ оқыту және үйрету мақсатында қолданатын материалдармен қамтамасыз ету.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы (бұдан әрі - Орталық кеден зертханасы) Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік сараптамаларды жүргізу бойынша функцияларды және өзге функцияларды орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) мамандандырылған кеден мекемесі болып табылады»

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - Оқу-әдістемелік орталығы) мемлекеттік мекеме нысанындағы, Қазақстан Республикасының Үкіметімен құрылатын және таралатын, мемлекеттік кірістер органдарының қызметшілері мен қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі функцияларды орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) мамандандырылған кеден мекемесі болып табылады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Заң басқармасы (Ә.М. Жетібаева) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Комитеттің Кинологиялық орталығының, Оқу-әдістемелік орталығының,

Орталық кеден зертханасының басшылары заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың іске асырылуы үшін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Комитеттің Даму және үйлестіру департаменті Ұйымдастыру-қаржы басқармасы (Н.В. Стрельцова) осы бұйрықты Комитеттің Кинологиялық орталығының, Оқу-әдістемелік орталығының, Орталық кеден зертханасының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
М е м л е к е т т і к к і р і с т е р к о м и т е т і
төрағасының міндетін атқарушы Т. Жанғарашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК